

Алаштың алып азаматы**Рашид КАРЕНОВ,****экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері**

Халқымыздың сүйікті перзенті Жұмабек Ахметұлы Тәшенев – өз бойына саяси қайраткерлікті, кісілік пен кішілікті, парасат пен мейірімді қатар сыйдырған ірі тұлға – 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Бабатай ауылында дүниеге келген.

Жұмекеңнің қоғамдық-мемлекеттік қызметінің ең биік дәрежеде мойындалып, танылған мезгілі – оның республикамыздың басшылығына келіп, әуелі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы, одан кейінде Министрлер Кеңесінің төрағасы болып істеген кезі. Үлкен одақтың қарауында отырып, өз бетімен жұмыс істеу ол кезде өте қиын болды. Соған қарамастан, Жұмабек ағамыздың жоғарының жетегінде кетпей, бар күш-қуатын республиканы көтеруге жұмсағанына, халқына үлкен еңбек сіңіргеніне ел-жұрт ризашылығын білдірді. Бұл жылдары Жұмекең:

– Алматыда Абай даңғылы болуын, сол кең көше басына Абайға ескерткіш орнатылуын ұсынған, қадағалап іске асырған. Мәскеудегі тізгіншылбыр иелерін иліктіру үшін Тбилисиде Руставели, Ташкентте Науаи, Мәскеуде Максим Горький даңғылы барын көлденең тартқан;

– Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовтің тұсында қолға алынған, бірақ, жеріне жеткізілмеген елеулі мәселе – Медеу шатқалында мұз айдынын жасауды тиянақтау үшін үлкен әріптесі – КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы К.Ворошиловты қонаққа шақырып, шатқалды көрсетіп, қызықтырып, ойын нық дәлелдеп, құрылысқа қажетті қаржыны алған;

– Мәскеуде 1958 жылы Қазақстан өнері мен әдебиетінің екінші онкүндігін жан-жақты жақсы дайындықпен өткізуге күш салған. Онкүндік нәтижесінде айтулы тарландарымыздың ең жоғары атақпен марапатталуына, үлкен құрмет-қошемет көруіне, бес артисімізге (Қ.Қуанышбаев, Р.Жаманова, Е.Серкебаев, Ш.Айманов, М.Төлеубаев) – «КСРО Халық артисі» атағын алып беруде үлкен қажырлылық көрсеткен;

– ҚКП Орталық Комитетіндегі қайсыбір «сақ-қырағылар» Бауыржан Момышұлының «За нами Москва» кітабының жарық көруіне қарсы болса да, Жұмекең орынсыз қарсылықты жеңіп, еңбекті басып шығартқан;

– Тәшенев қызмет еткен жылдары одақтас республикалар Жоғарғы Кеңестерінің төрағалары КСРО Жоғарғы Кеңесі төрағасының орынбасары болып есептелетіндіктен, бір ай бойы кезекпен Мәскеуде қызмет ететін тәртіп болған. Жұмекең осы мүмкіншілікті халқының мүддесі үшін шебер пайдаланған. Соның ішінде, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының Лениндік сыйлыққа өтуіне де осы қызметі арқылы көп күш салған; – Мәскеуде КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасы төрағасының орынбасары

қызметін атқарып отырғанда Украинаның бір белгілі ғалымы жазықсыз жаламен ату жазасына кесілгенде, Жұмабек Ахметұлы оның мәселесін әділетті түрде қайта қарап, Бас прокурорға тағы тексертізіп, ақтап шығарған. Сол кезде Жүмекең Бауыржан Момышұлын үш рет, Рақымжан Қошқарбаевты бір рет Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынған. Өкінішке орай, екеуін де өткізе алмаған;

– Министрлер Кеңесінің төрағасы болып тұрғанда қазіргі Алматыдағы Қонаев пен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысындағы 120 пәтерлік үлкен заманауи үлгімен салынған үйді түгелімен өнер мен әдебиет қайраткерлеріне бергізген (осы №135 үйді бүгінге дейін жұрт «Қазақ ауылы» немесе «Тәшеневтің үйі» деп атайды);

– Алматы облысының Талдықорған ауданындағы атақты колхоз төрағасы Нұрмолда Алдабергеновке екінші рет Еңбек Ері жұлдызын Мәскеудегі орталықпен таласып жүріп, алып берген. Сол жылдары Ақтөбе облысының Алға ауданынан келіп, Алматыдағы студент баласының қазасына кезіккен соғыс ардагері Әли Едігеевке мүрдені алыс ауылына жеткізу үшін өзінің – Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің қызмет ұшағын ұсынған;

– республика тіршілігінің қай саласында болсын қазақтың білімдар, жас кадрларын өсіруді бірінші кезектегі міндеті санап, орындап отырған. Министрлер Кеңесіне төраға болған бетте аппаратына 12 қазақты қызметке алған;

– еңбектің майталман шеберлері Ыбырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаевтың Еңбек Ері атануына тікелей үлес қосып, қайрат көрсеткен;

– белгілі ғалым, академик Шаһмардан Есеновтің дарынын алғашқылардың бірі болып танып, қолдау көрсеткен (оның геологиялық партия басшылығынан бірден Геология министрінің орынбасары, артынан министр болуына ықпал еткен).

Ж.Тәшенев Министрлер Кеңесіне төрағалық еткен 11 айдың ішінде (1960-1961 жылдар) республика өнеркәсібінің жалпы өнім өндіруі 104,2 пайызға орындалды. Темір және хром кені, кокстелген көмір, шойын, болат, қара металл, қорғасын, цинк, жез және темір жабдықтары жоспардан тыс өндірілді.

Жұмабек Ахметұлы республиканың саяси, экономикалық, мәдени дамуына басшылық жасаған жылдары Қазақ мемлекетінің аумақтық тұтастығының сақталуына көп еңбек сіңірді.

Біріншіден, ол Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін аудандарын Өзбекстанға беруге қарсы шықты. 1954-1956 жылдары бүкіл КСРО-ның тұралаған экономикасын көтеруді желеу еткен ала тақиялы ағайындар оңтүстік аудандарды Өзбекстанға қосып, өз жерлерін кеңейте беруді көздеді. Ал, қазақтар болса, бұл ежелден өздерінің атамекені екенін алға тартып, ол жерлердің Қазақстанға да керектігін дәлелдеп бақты. Міне, осы кезде Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы Жұмабек Тәшеневтің төрағалығымен (мүшелері: М.Бейсебаев, С.Дәуленов, Х.Арыстанбеков, А.Морозов, В.Голосов, В.Шереметьев) арнаулы комиссия құрылады. Ол комиссия: «Өзбек ССР-іне Мақтарал ауданының кейбір бөліктерін беруге

келісеміз, ал Үкіметтің Бостандық ауданын беру туралы өтінішін негізсіз деп санаймыз» деген шешім шығарады. Комиссия шешімі 1955 жылдың 1 маусымында сол кездегі ҚКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Л.Брежневке жіберіледі. Л.Брежнев басқарған Орталық Комитет: «Бостандық ауданы Өзбекстанға берілмесін» деген қаулы қабылдайды. Сөйтіп, сол жолы Мәскеу мен Өзбекстанның бірлескен қитұрқы әрекетінің жолы кесіледі.

Екіншіден, ұлтжанды азаматтың Қазақстанның солтүстіктегі облыстарын аман алып қалғаны – ерекше тоқталуға тұратын оқиға. Кеңес елінің басшысы Н.Хрущев еліміздің солтүстігіндегі бес облысын (Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан) біріктіріп, «Тың өлкесі» деген аймақ құрып, оны Ресейге қосуды жоспарлайды. Өлкенің басшылығына Мәскеуден Т.Соколов деген өз адамын жібереді. Ол Тың өлкесін Ресейге өткізуге бейімдеп, Қазақстан басшылығына бағынудан бас тарта бастайды. Бұл әрекетті білген Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж.Тәшенев 1960 жылы күзде «Тың өлкесінің» орталығы болған Целиноград қаласына шұғыл түрде ұшып келіп, республикалық жоспарлау комитетіне келесі жылдың бюджетіне қажет мәліметтерді әдейі бермей, бассыздық жасағаны үшін Т.Соколовты қызметінен алып, 24 сағаттың ішінде Қазақстаннан қуып жіберетінін және Тың өлкесі ешқашан Ресейге берілмейтінін қадап тұрып айтады.

КСРО Қаржы министрі Б.Гарбузов мінезі жеңіл, аумалы-төкпелі, айтқан сөзінің бәтуасы аз кісі болатын. Бірде Жұмабек Ахметұлы келесі жылдың бюджеті туралы сөйлесуге барса, анау орындығында шалқая жатып: «Үнемі сұрайсыңдар, ақша жоқ» деп жөнімен сөйлеспепті. Сонда Жұмекең: «Албанияның Премьер-Министрі Мехмет Шеху келсе, далаға жүгіріп шығып, есік алдында қарсы алар едің, ал Албаниядан он есе үлкен Қазақстанның Премьер-Министрімен неге дұрыс сөйлеспейсің?» депті. Сөзден ұтылған, әуелден сужүрек Гарбузов тез өзгеріп, кешірім сұрап, қойған мәселелерін нақтылап шешіп беріпті.

Үкімет мәжілісінде келесі жылдың халық шаруашылық жоспары қаралып жатқанда, мінбеге көтерілген Тың өлкелік атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары Козлов: «Жұмабек Ахметұлы! Біз сіздерден ештеңе сұрамаймыз, тек Мәскеудің бергеніне тимесеңіздер болғаны» деп көкиді. Мұндай жүгенсіздікті жаны сүймейтін Жұмекең Козловты тоқтатып қойып: «Тың өлкесі Қазақстанның құрамында, ал Қазақстанды оның Орталық партия Комитеті мен Үкіметі басқарады. Сіз сол партияның мүшесісіз. Мынандай қыңыр мінез бен істі қоймайтын болсаңыз, партиядан шығарып, орныңнан аламыз. Содан кейін, баратын жеріңе барып, айтатын арызыңды айта бер» депті. Бұрын КОКП Орталық Комитетінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарған ол мына сөзді естігенде зәресі ұшып: «Сіз мені кешіріңіз, мені қате түсіндіңіз» деп мәймөңкелесін келіп. Залда отырғандар «батырдың» әуелі дөрекі сөзін естіп, артынан жалынып, кешірім сұрағанын көріп, «көп асқанға – бір тосқан» бар екеніне көзі жеткендей болған.

Үшіншіден, республиканың жоғарғы басшылығы құрамында болған алты жыл ішінде (1955-1961 жылдар) Жұмабек Тәшенев Тың өлкесіндегі совхоз директорлары тұрмақ, өлке билеушілері Соколов, Мацкевич, Козловтарды үнемі айтқанына көндіріп, жер иесі қазақтар екенін сөзімен де, ісімен де ұқтыра білген еді. Ол кісі даланың үстірт жоталарын жөнсіз жыртқызбай, мал шаруашылығын да тиісінше дамытты. Еліміздегі барлық өндіріс салаларын, сан салалы шаруашылықтарды барынша өркендетіп, түскен табысты ел игілігіне аямай жұмсап отырды.

Ірі тұлға кезінде Мәскеуде Қазақстанның бес облысын Ресейге қосу туралы Н.Хрущевтің әрекетіне қалай тойтарыс бергенін 1986 жылы (қайтыс болар алдында) былай деп еске алған екен: «Кешкі сағат он кезінде менің бөлмеме Д.Қонаев (сол кездегі Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы) телефон шалып, Н.Хрущевтің екеумізді шақырып жатқанын айтты. Бұрын кездескенімізде жылы шырай көрсететін мәскеулік бастықтың жүзінен бұл жолы қатаңдық байқалды. Сөзін бастағаннан-ақ: «Кеңес Одағындағы ұлт республикаларының жан-жақты дәрежеге жетуінің негізгі себебі Кеңес Үкіметі мен Ұлы партиямыздың көрегендік саясатының арқасында екендігін көпшілік білсе де, әлі күнге дейін соған дұрыс мән бермейтіндер жоқ емес. Соңғы кезде Саяси Бюро мәжілісінде Қазақстанның саяси-экономикалық мәселелері сөз болғанда, бұл республиканың алға дамуына кедергі келтіріп отырған түрлі себептер бар екендігі айтылып отырады. Солардың ең бастысы – республиканы басқарып отырған кадрлардың қазіргі талапқа сай келмей отырғандығы және өзге республикаларға қарағанда жер аумағының өте кеңдігі, ал, өндіріс салаларының өте көптігі. Осы кедергілерді тез арада жоймайынша республика алға жылжи алмайды. Кадр мәселесін кейінірек қарауға тиіспіз, қазір кезектегі және жедел шешетін мәселе – ол республиканың жер көлемі жайында. Қонаев жолдаспен және облыс басшыларымен пікір алысқанбыз. Бұл пікірімізді олар негізінен қолдады. Жұмабек Ахметович, енді сіздің пікіріңізді білгім келіп шақырып отырмын», – деді. Мәймөңкені білмейтін басым: «Никита Сергеевич, мен бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті, күн тәртібіне қойылуының өзіне қарсымын», – дедім. Менің сөзімді естісімен-ақ бастықтың беті қызырып, көзі аларып, тұтығып, маған жалтақ-жалтақ қарап тұрып қалды. Сәлден кейін: «Саяси Бюроның келісіміне қарсы шығатын сен өзің – кімсің? Біз саған сенім артып, республиканың Үкімет басшысына дейін көтердік, ал сенің айтып отырғаның мынау. Бұл мәселені сендерсіз-ақ шешеміз. Кеңес елі – бір мемлекет, қай жерді қай республиканың меншігіне беру – КСРО Жоғарғы Кеңесінің еркі. Бұл жай пікір алысу еді», – деп реңінен ашуының қайтқаны білінді. Сонысын пайдаланып, мен халқымыздың «шешінген судан тайынбас» дегені есіме түсіп, пікірімді жалғастырдым. «Никита Сергеевич, – дедім, – Егер Жоғарғы Кеңес әр республиканың жерлерін жергілікті органдардың қатысуынсыз шеше беретін болса, КСРО-ның және ұлт республикаларының Конституциясын жою керек қой. Ал, ол Конституциялардың баптарында әр ұлт республикасы өзінің тарихи жеріне, ондағы байлығына өз меншігім деп

пайдалануға құқы бар. Оны өзгертуге ешкімнің, ешбір органның құқы жоқ», – деп ойымда жүрген Ата Заңымызда жазылған баптардағы тұжырымды алға тарттым. Сөзімді жалғастырып: «Егер, бұл заңдармен санаспайтын жағдай туса, онда біз халықаралық заңды мекемелерге дейін шағым беруден тайынбаймыз, ондай құқығымыз бар», – дедім. Сыртқа шыққан соң Д.Қонаев: «Әй, Жүмеке-ай, жүрек жұтқан көзсіз батырсың-ау», – деді». Осындай күрделі жағдайда Н.Хрущев Қазақстан басшылығы және оның халқының пікірімен санасуға мәжбүр болып, алғашқы ойынан қайтады. Бұл – сталиндік зұлматтан кейін еңсесі түскен қазақтың ұлттық рухын оятқан ерлік оқиға болды.

Сонымен, Жұмабек Тәшенев Компартиялық иерархияның бұралаң баспалдақтарымен көтерілуді ғана көздеген шенқұмар басшы, қара басының камын ғана күйттеген көп шенеуніктің бірі болмай, ұлтын сүйген аяулы азамат, ұлттық қаһарман деңгейіне көтерілді. Қазақ жерінің тұтастығы үшін азуы кереқарыс КСРО басшыларымен қасарыса күресіп, айтқанын орындата білді. Ұлттық құндылықтар мен ұлт мүддесі үшін биік мансап пен қарақан басының, отбасының, әулетінің, ұрпағының рахатынан бас тартты. Есесіне халқының алтынға да, ақшаға да сатып ала алмас ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігіне бөленді. Сондықтан да Ж.Тәшеневтей патриот жандар қазақ деген ұлт барда мәңгі-бақи жасай бермек.

Жүмекеңнің ерлікке толы асқақ рухы «ғаламдық санаға» бет бұрған біздің қазіргі қоғамға ауадай қажет әрі жастарымыздың жүрегіне де осындай ұлттық өр рухты сіңіре білуіміз қажет.